



КОНКУРС «Астана и Президент»

Әбдіқалық Әйгерім,

№ 79 орта мектебінің 8 сынып оқушысы

«Қазақстан – 2030 жылға қарай Орта Азия

Барысына айналады»

Н.Назарбаев

Өзіндікі – Елің де,
Өзіндікі – Жерің де,
Өзінді- өзің еткен бақ –
Тәуелсіздік – төрінде! –

деп, Иран-Ғайып жырлағандай құдіретіңнен айналайын, Тәуелсіздік!
Еліміз өзінді ғасырлар бойы аңсады, бір құдайдан тілеумен болды,
ақыры ниетіне жетті, сонымен, қазақ елі – тәуелсіз ел, өз еркі өзіндегі
ел, әлемде өзіндік орны бар елге айналды. Күллі әлем қазақ деген
мемлекетті таныды, мойындады, халық өз Елбасын сайлап, алғашқы
сынға төтеп беріп алға басты.

Арайлап таңым, асқақтап тауым,

Ән ойнап көгім, күй тартты көлім.

Қол жетті және, аңсаған күнге,

Жасай бер, жаса қазағым менің! –

деп, шаттанған Президенттің қадамы құт, ісі әділ.

Көреген Елбасы еліміздің тек бүгінгісін ғана емес, ертеңгі
бағдарламасын жасады. Бұны халық терең тебіреніспен қолдады.
Соның ішінде мектеп оқушыларына, жас ұрпаққа ерекше мән берді,
сондай-ақ, «Болашақ» бағдарламасы шеңберінде ілгері жоғары оқу
орындарында білім алулары үшін республикалық бюджеттен жыл
сайын 3000 үздік студентке қаражат бөлінетін болғаны да еліміздің
ғажайып өмірінің, халқымыздың жарқын болашағының негізін
қалайды. «Біз бүгін зор мүмкіндіктер табалдырығында тұрмыз. 2030

[Введите текст]

жылға қарай Қазақстан Орталық Азия Барысына айналады және өзге дамушы елдер үшін үлгі болады», - деп, Елбасымыз айтқандай үлгі боларлықтай дәрежеге жетуге тиістіміз.

Жыл сайын өткен жылға ойша көз жүгіртіп, жеткен жетістіктерімізді, алған асуларымызды еске аламыз. Бұл арманның асқарларына қол созып, болашақтың биіктерін бағындыруға көмектеседі. Сонымен, 2005 жыл қандай жыл болды?

2005 жылдағы еліміздегі ең басты оқиға Президент сайлауы болды. Сайлау алды үгіт – насихат жұмыстары жүріп жатқан кезде Н.Назарбаевтың әдемі суретіндегі «Менің Президентім» деген жазуды оқыған сайын ойға бөленуші едім. Қасиетті қазақ елі туралы, Отанымыз туралы толғанатынмын. «Менің елім – Қазақстан. Менің Президентім – Н.Назарбаев!» – деп мақтанатынмын.

Қазақ үшін, ел үшін, халқым үшін,

Бар өмірің арналды, бар тынысың.

Қағбадағы тілегің қабыл болып,

Ғасырларға бастады жарқын ісің.

Тотықтырды, сынады желдің де өті,

Қайтты деймін бүгінде шөлдің беті.

Әуелі Алла, тек Сіздің арқаңызда

Қазағымды таныды жердің беті,. –

деп Әбілда Аймақ жырлағандай Президентіміздің жүргізіп отырған салиқалы саясатының асында Қазақстан әлемдегі беделді елдердің біріне айналды. Ал Н.Назарбаев әлемдегі әйгілі саяси тұлға екенін дүние жүзінің бәрі мойындап отыр. Аз ғана жылдың ішінде еліміздің беделін көтеретін, абыройымызды асыратын қаншама жұмыстар жүзеге асты. Еуразия Одағы, Шанхай ынтымақтастығы Ұйымы, Әлемдік діндер сиезі сияқты көптеген ұлы бастамалардың бәрін Н.Назарбаев көтерді. 2010 жылдан бастап ЕҚЫҰ-на төрағалық етуі де еліміздің үлкен жетістігі.

Арқа төрінен ту тіккен Асқақтаған Астана қандай керемет! Тәуелсіздік перзенті - Астана қаласы күннен-күнге көркейіп, құлпырып келеді. Оны қазір

[Введите текст]

барша жұрт қызыға тамашалауда. Халқымыз бүгінде онымен мақтана алатын болды.

Күн шуағын төгеді Астанама,

Әлем көзін тігеді Бас қалама.

Тіфә- тіфә тіл көзден сақтай гөр деп,

Бәйтерек нұрын шашады жас қалама, -

деп, күн санап асқақтаған Астанаммен, көреген Президентіммен мақтанамын да шаттанамын. Бұл мақтанашым менің отансүйгіштік сезімнен туындап отыр. Қазақ елінің тұңғыш Президенті Н.Назарбаев қазаққа, Қазақстан халқына қажетті нәрсенің бәрін шешіп берді. Ғажайып Астана салды, шекарамызды бекітті, ғарышты игеруіміздің, мұнайды игілігімізге жаратуымыздың негізін қалады.

Ұрпаққа жол ашқан,

Кең байтақ жерім бар.

Бірлігі жарасқан,

Тәуелсіз елім бар, -

деп, әлемдегі Гимн жазған жалғыз Елбасы да біздің Президентіміз екені үшін де мақтанамын. Еліміз шын мәнінде тәуелсіз болды. әлем таныған ел қатарына қосылды. Енді осы бақытымызды бағалап, жетістігімізді кастерлейік!